



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы ел үшін өте маңызды мәселелерді қамтыды деп толығымен айтуға болады.

2,3,5-бетте



Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі.

7-бетте



Шәмші Қалдаяқов – аты алты алашқа әйгілі, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған ұлы композитор, жалпы халықтың шексіз сүйіспеншілігіне бөленген дарын, тума талант.

8-бетте

УНИВЕРСИТЕТ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



№ 8-9 (196-197)
19.11. 2019



Құрметті студенттер, жас достар! Уважаемые студенты!

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімін иемденген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жастарын студенттер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Адам өмірі көптеген бел-белестерден тұрады. Осы кезеңдердің ішінде адам баласының білім алып, болашақ өмірге деген қанатын қатайтар бір айрықша кезең бар, ол – студенттік шақ.

Студенттік кезең, қадірін білгендерге, бір ғажап кезең. Ең таза көңілдердің танысып, табысатын уақыты.

Дүниеде жаңаны танудан, оқудан, шығармашылықпен және ғылыммен айналысудан керемет ештеңе жоқ, себебі білім адамды күшті, ақылды, салиқалы, табысты ете түседі, жаңалық енгізуге, ғылым құпияларын ашып, ақиқатты тануға көмектеседі.

Баршаларыңызға мықты денсаулық, үлкен сәттілік, шығармашылық жетістіктер мен жаңа жеңістер тілеймін!

Студенческие годы – это самое замечательное время, которое вы с особой теплотой будете вспоминать всю жизнь. Это время творческой активности, жажды знаний и открытий. Время, когда вы начинаете закладывать фундамент своей успешной карьеры.

Студенты ЮКГУ живут одной дружной большой семьей и вносят весомый вклад в развитие родного ВУЗа, добиваясь успехов в учебе, в научно-исследовательской деятельности, одерживая победы в республиканских и международных конкурсах, в спорте и интеллектуальных состязаниях.

Студенчество – это золотые студенческие годы, когда есть время дружить и любить, учиться и работать, мечтать, открывать, находить, осуществлять.

Желаю добиваться поставленных целей, не пасовать перед трудностями. Пусть впереди вас ждут только победы! Счастья, здоровья, любви!

**Д.П. ҚОЖАМЖАРОВА, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор**

Қала мен ауылды дамытудың берік негізі



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы ел үшін өте маңызды мәселелерді қамтыды деп толығымен айтуға болады. Жалпы 5 бағытқа бөлінген Жолдау халқымыз бен еліміздің көркеюіне арналған салаларды қамтыды. «Тиімді шағын және орта бизнес - қала мен ауылды дамытудың берік негізі» бөлімінде аталған мәселелер түбегейлі шешілсе, еліміздің дамуына үлкен септігін тигізеді. Президентіміз айтқандай, осы кезге дейін орта бизнес саласына бөлінген 100 миллиард теңге қаржыны ірі кәсіпорындар, билікпен байланысы бар кәсіпкерлер алып келген. Бүгінде бұл мәселелерді шешуге жұмыс жасалады деген ойдамын. Шағын кәсіппен айналысқысы келетін, айналысып жүрген ел азаматтарына керемет мүмкіндіктер жасалатын болды. Мысалы, 3 жылға дейін салықтан, тексеруден босату, сонымен қатар өңірлерде бүгінде жастарға кәсіпкерлікті тегін оқытып, алғашқы қайтарымсыз қаражат беріп жатқаны белгілі. Қарап тұрсақ, кәсіппен айналысамын деген жастарға барлық жағдайды жасап беріп отыр. Ендігі кезек жастарда, тек қана құр сөзбен емес, іске көшіп, берілген мүмкіндікті дұрыс пайдалануы керек және жер игеру мәселесі де қозғалды. Ұлан-ғайыр жеріміздің құр жатқаны ешкімге де пайда бермейтінін түсіну керек. Бүгінде 9 млн шақырым жер бос жатыр екен. Елбасымыздың «Ауыл – ел бесігі» жобасын ары қарай жалғастырып, дамытуға тапсырма бергені Президентіміздің көрегенділігі деп санаймын. Қарапайым тілмен айтқанда, барлық аталған бағыттар елді мекендердің жағдайын жақсарту үшін екені белгілі. Біздің салтымыздың негізі елдің қолданған кәсібінде тұрғандығын түсіне білу керек. Әсіресе, жастарға «алма піс, аузыма түс» деп жатуға болмайды, іс-әрекетке көшу керек. Ойлаңызшы, ауылды мекендерде әрбір жас өз кәсібін ашса, аталған жеңілдіктер жасалса, шын мәнінде ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс табылар еді. Жергілікті бюджет жоғарылап, елдің дамуына үлкен үлес қосады. А.Байтұрсынов атамыздың «Білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек, осы керектің жолында жұмыс ету керек» деген керемет сөзі бар. Бүгінде әлемдік бизнестің, алпауыт елдердің сағат сайын дамып жатқанын көзіміз көріп отыр. Демек білімді жастар оқып қана қоймай, кәсіппен айналысуы керек.

Гүлнұр НАРЫМБЕТ, «Педагогика және мәдениет» факультетінің «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының аға оқытушысы және топ белсенділері

Ата Заң – азат елдің ар-намысы

Конституциямыз қабылданған күннен бастап, тағдыр тоғыстырған көпұлтты халқымыздың татулығы мен тұрақтылығына тұғыр болып келеді

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы тағдырлы шешім қабылдап, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Ата Заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Конституция - мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі.

«Конституция біздің тәуелсіздігімізді нығайтып, мемлекет пен жалпы қоғамда мызғымас тұрақтылықты қалыптастырды» деп Елбасы атап өткен еді. Кез келген мемлекеттің ұстанымын, ұлтының құндылығын айқындайтын негізгі Құжат – Конституция. Сан қырлы реформалар жасалып, демократия принциптері көтеріліп, Конституция аясында ауқымды істер атқарылды. Біздің ата қонысымыз мыңдаған жылдар бойына талай басқыншылықты басынан кешті. Қаншама көне қалалар, мәдени орталықтар қирады, кітаптар өртеліп, жазықсыз

жандар құрбан болып, өлшеусіз қан төгілді. Бірақ қандай қырғын болса да, алтын бесік ата-баба жері, атамекен дәл бүгінгідей ойрандалған емес. Жер ананың аялы алақанында аман қалған әрбір отбасынан рулы ел тарап, халық қашан да еңсесін көтеріп, дамып кете беретін. Халқымыздың ата қоныс қара орманға деген ұрпақтық сүйіспеншілігінің түп тамыры да дәл осында жатыр. Сондықтан да ата-бабамыз осындай ұлан-ғайыр жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен. Жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелейтін осындай жетістіктерімізді еске алу және жоспарларды жұртшылыққа жеткізу - әр азаматтың парызы. Өйткені, елдің жеткен биігі – біздің жетістігіміз!

А.А.ТОҚТАБЕК,
«Стандарттау және сертификаттау»
кафедрасының магистрі, аға оқытушысы

Маңызды құжат

«Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» - Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы Қазақстан халқына Жолдауы

Президент өз Жолдауын бес бағытқа бөліп, сол жүйе бойынша жұмыс атқаруды тапсырып отыр. Ең бірінші - «Заман талабына сай тиімді мемлекет». Екінші - «Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету». Үшінші - «Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика». Төртінші - «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі». Бесінші - «Қуатты өңірлер – қуатты ел».

2019 жылдың 2 қыркүйегінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің әскери кафедра оқытушы-профессорлық құрамы, оқу шеберлері мен студенттері кафедраның бастығы, полковник Ж.Кенжебаевтың басшылығымен «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын тікелей эфирден көріп, жеке құрам арасында талқылады.

Президент Жолдауындағы «Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» екінші бағытын ерекше атап өткім келеді. Біздің алдымызда жаңа тұжырымдама негізінде тегеурінді әскер қалыптастыру міндеті тұрғаны және әскери саладағы жалпы тәртіпті нығайтатын сәтке баса назар аударылды.

«Отанына адал, кәсіби тұрғыдан дайындалған офицерлері мен әскери қызметшілері бар армиямыз жаңа геосаяси жағдайларда ел қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қатерлерге тойтарыс беруге дайын болуы керек,»- деген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жолдау біз үшін, яғни әскери кафедра оқытушы-профессорлық құрам үшін маңызды болып саналады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің әскери кафедра бастығының орынбасары, запастағы подполковник А.Урустамбеков әскери кафедра қызметкерлері мен студенттерін басталған жаңа оқу жылымен құттықтап, Жолдаудағы бағыттар туралы өз ойын айтып, қолдайтынын жеткізді. Сондай-ақ, әскери кафедра қызметкерлері мен студенттер арасында Жолдау өзара талқыланды.

Жолдауды әскери кафедра студенттеріне насихаттау мақсатында кітапшалар шығарылды, сонымен қатар әрбір оқытушы взводтар арасында насихаттап, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

А.Б.ҚАСЫМБЕКОВ,
әскери кафедра циклі бастығы,
запастағы подполковник



Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы елімізде жыл сайын 18 қазанда дәстүрлі түрде аталып өтетін Рухани келісім күнімен де тікелей байланыста көрініс табады. 1992 жылғы қазан айында Алматы қаласында Рухани келісімнің бірінші конгресін өткізуде Елбасының рөлі ерекше.

Аталған конгреске қатысқан танымал дін және қоғам қайраткерлері осы күнді адамдар арасындағы өзара түсіністікке қол жеткізу және бітімгершілікті іздеу күні ретінде бекітуді ұсынған болатын. Егер де өткенге ой жүгіртер болсақ, онда алғашқы Бүкіләлемдік рухани келісім конгресі 1893 жылы АҚШ-та өткенін білер едік. Араға ғасыр салып қана осынау ізгі бастама қазақ жерінде нақты іске асты. Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Ресей, Австрия, Италия, Швейцария, Үндістан және басқа елдерден келген Алматыдағы Рухани келісімнің бірінші конгресіне қатысушылар өз манифесіне 18 қазанды Рухани келісім күні ретінде атап өту бастамасын көтерді.

Рухани келісім күні елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында 1997 жылы алғаш рет кең көлемде аталып өтіп, ол өзімен бірге қайырымдылық істерді алып келген болатын. Ізгілік пен мейірімділікке жол салған осынау бастама бүкіл ел аумағында жалғасын тапты. 2010 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Рухани келісім күнінде Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумының ашылу шарасы өтті және оған әлемнің 70 елінен делегаттар қатысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев форумға қатысушылар мен қонақтар алдында сөйлеген сөзінде өз ойын: «Бейбітшілікке, келісім мен әділдікке ұмтылу кез-келген халықтың рухани мәдениетінің негізін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, көпұлтты қазақстандық мәдениеттің рухани бастауларын нығайта түсу біздің мемлекеттік



саясатымыздың маңызды бөлігі болып табылады. Қазақстанда жыл сайын Рухани келісім күні аталып өтеді.

Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің өтетін орнына айналды. Бүгінгі күнде түрлі этностық және діни ерекшеліктерге ие адамдарды біріктіруге қабілетті рухани құндылықтарды орнықтыру әлемнің әртүрлі елдерінің діни көшбасшылары, ғалымдары, мәдениет пен өнер қайраткерлері тарапынан үнемі назар аударуды және күш-жігерді қажет етеді», - деп түйіндеген болатын. Сондықтан, мен ойлаймын, Рухани келісімнің біздің қоғамдағы орны мен мәніне ой жүгіртіп қоюдың маңызы зор деп білемін. Қазақ елі - Еуразия құрлығы мен Ұлы Жібек жолының орталығы, әртүрлі өркениеттер мен рухани мәдениеттердің тоғысқан жері. Туған жердің тарихын тану осы жердегі археологиялық жәдігерлерді, жазбаша тарихи құжаттарды және сан ғасырлардан бері халықпен жасасып келе жатқан әпсаналар мен аңыздарды білуге ұмтылдырады.

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1992 жылы өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 47-сессиясында: «Біз Азияда ерекше таңғалдыратын жерде өмір сүреміз. Әлемнің барлық жетекші діндері – иудаизм, буддизм, христиандық, ислам – біздің құрлығымыздың қасиетті жерлерінде бастау алды. Мен біздің барлығымызға болашақ сын-тегеуріндерге бейімделудің

Татулық пен келісім – тәуелсіз Қазақстанның таңдауы

оңтайлы жолдарын іздестіруде, адамзат алдында уақыт өткен сайын өзектілігі артып келе жатқан біртұтас ортада өмір сүрудің жаңа негіздерін қалыптастыруда ұжымдасуымыз қажет екендігіне сенімдімін», - деген болатын. Елбасымыздың осынау аталы пікірінің өзектілігі қазіргі күнде қайта жаңғырылып отыр. Өркениеттің рухани әлеуетіне немқұрайлы қарау бүгінгі әлемдегі жаһандық деңгейдегі рухани және адамгершілік дағдарыстарға алып келіп отырғаны баршамызға аян. Осынау үдеріс адамның ұлттық тамырынан, тарихынан және адамзатты сан ғасырлар бойы ұйытып келген Бейбітшілік, Келісім, Мейірімділік, Қайырымдылық және Жанашырлық тәрізді құндылықтардан бой алыстатумен қатар көрініс табуда. Жаһандық деңгейдегі осындай күрделі жағдайда Елбасымыз рухани келісім біз өзіміздің жаңа тарихымызда экономика, интеграция, жаңғырту және осы тәрізді басқа да еліміз үшін аса маңызды басымдықтармен бір қатарда мән беруіміз тиіс болатын құндылықтардың бірі деген өте маңызды ойды ортаға салды. Қазақстан халқының дәстүрлі мәдениетіне және қазақ халқының болмысындағы сан ғасырлардан бері жасасып келе жатқан этикалық кодекстен бастау алатын рухани мұраттарға тұғырланатын негіздер біздің елімізде қайта тыныс ала бастады. Сондықтан басқа идеялар мен көзқарастарға төзімділік танытудан, әртүрлі діндер мен этнос өкілдерінің дәстүрлі рухани-

адамгершілік және мәдени құндылықтарды ұқыптылықпен қабылдауынан көрініс табатын халқымыздың ділі мен рухының ашықтығы бүгінгі Қазақстан қоғамындағы рухани келісімнің тұғыры болып табылатыны сөзсіз. Шынында да, этносаралық және конфессияаралық келісім саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени, білім мен ғылыми салаларда ауқымды өзгерістер жасауға мүмкіндік берді. Осы ретте, біздің мемлекетіміздің жаңа тарихы түрлі мәдениеттер мен діндердің бейбіт өмір сүре алатындығына ғана емес, сондай-ақ олардың қоғамның дамуына оң ықпал жасағанын айтып өткен жөн сияқты. Елімізде ар-ождан, діни сенім бостандығын және ой еркіндігін қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалған. Рухани келісім күнін рухани-адамгершілік құндылықтарды ой елегінен өткізе отырып, осы негізде жаңа этикалық басымдықтарды қалыптастыру күні деген болар едім. Өйткені, ұлттың рухани-мәдени дамуына жұмыс жасайтын жаңа дәстүрлерге қолдау көрсету, орнықтыру арқылы біз жалпы адамгершілік құндылықтардың көкжиегін ұзартамыз. Біз осы арқылы Қазақстанның Бейбітшілік пен келісім аумағы ретінде даму болашағына шектеусіз кеңістік ашатынымызға сенімдімін.

Эльвира Мәлікқызы ТУРЕГЕЛДИЕВА,
«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
арнайы кафедрасының бас маманы

Мәңгілік елдің кемеңгері



Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол – мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, ұлттың да, адамгершілік пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі.

Ширек ғасыр бұрын Тәуелсіз мемлекеттің өз Ұлттық Қарулы Күштерін құрғалы әскери білімнің мемлекеттік жүйесі бойынша құрылуы - маңызды мүдделерінің бірі. Полковник Ж.Кенжебаев басқарып отырған М.Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасы осы жүйенің маңызды бір бөлігін құрайды. Әскери кафедралық жоғары дәрежелі әскери-педагогикалық профессорлық-оқытушылар құрамы студенттерімізге тәлім-тәрбие беруде. Осы білім ордасынан тәлім алған шәкірттеріміз мемлекетіміздің қорғаныс және құқық қорғау салаларының өркендеуіне үлестерін қосуда.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы бойынша тек қана М.Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасы «радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау бөлімдерінің командирі» мамандарын дайындайды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде РХБК әскери бөлімдері М.Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасының түлектерімен толықтырылады. Қазіргі таңда әскери кафедралық жоғары білім беріледі.

1963-2019 ж.ж. аралығында әскери кафедра 18000-нан астам запастағы офицер кадрларын дайындап шығарған. Бүгінгі күні әскери кафедрала 300-ден астам студент оқиды. Әскери кафедра химиялық зертханамен, радиациялық, химиялық және биологиялық барлау техникалық құралдарымен, жеке құрамды, қару-жарақ пен әскери техниканы, киім-кешекті, дезактивация, дегазация, дезинфекциялауға арналған арнайы өңдеу құралдарымен, техникалық байқау және автокөлікті жөндеу пунктін, ату және саптық алаңмен қамтамасыздандырылған.

Ұстаз сөзінің ұғымы өте кең. Халқымыздың батыр ұлы Б.Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді», - деп бекер айтпаған. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған дикан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де - бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған.

Ж.О. ШАБДІКЕРІМ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасының жоғары білікті маманы-оқу шебері

Ана тіліміз бен руханиятымыз басты назарда

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялағаны баршамызға белгілі.

Жолдау – еліміздің саяси-экономикалық және рухани өмірін жаңа белестерге көтеретін басты құжаттардың бірі. Жолдауда ел Президенті бес бағытты толығымен қамтып, қоғамның өзекті мәселелерін нақтылап өтті. Еліміз барлық салада реформалар жүргізіп, Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті, Партия Төрағасы Н.Назарбаевтың саликалы саясаты мен көрегендігінің арқасында жетістіктерге жеттік. Жолдауда Президент Елбасының еліміз үшін аянбай еңбек еткенін атап өтті. Сондықтан Елбасы ұсынған бес институционалдық реформаны жүзеге асыруды тапсырды. Қазіргі даму жолы Назарбаев жолы деп аталғанын мақтан етуіміз тиіс.

Мемлекетіміздің ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуде ұлтаралық, дінаралық татулық пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуымыз керек. Жолдауда қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беруіміз қажет деп атап көрсетті.

Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», - деп ана тілімізге құрмет көрсеткен болатын. Бұл Жолдаудың ерекшелігі: тіл мәселесіне аса назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келгендігіне тоқталды. Тіл - мәдени, рухани жан-дүниеміздің асыл қазынасы, рухани жаңғырудың негізгі факторы. Жас ұрпақ бойында ұлтжандылық пен отансүйгіштікті қалыптастыру мақсатында ендігі жылы Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтетінін мәлімдеді. Аталған іс-шаралар бүкіл қазақ халқының ұлттық болмысын, ұлттық тәрбиесін асқартуға үлес қосады деп есептеймін.

Дана Темірбекқызы ПАЗЫЛОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының PhD докторанты



Білім нәрін себушілер

Дүниедегі мамандық атаулының анасы – ұстаздық. Себебі ұлы тұлғаларымыздың барлығы ұстаздан тәлім алған, ұстаздың салып берген сара жолынан өткен. Өлең сөзді өрнектеген ақын да, қаламы қарышталған жазушы да, ғылым жолында түрлі жаңалықтар ашып жүрген ғалым да ұстаздан білім алған. Сондықтан да жас ұрпақтың жолын айқындап беретін ұстаздар қауымына үлкен құрметпен қарау – адамдық борышымыз.

Бүгінгі қоғамда адамды адам ететін, адамтану мәдениетін қалыптастыратын маман – ұстаз. Яки, адам тәніне жауапты дәрігер болса, адам жанын қалыптастырушы ұстаз дер едім. Ал мұғалім мәртебесі туралы айтылар дүние де, жазылар ойлар да бөлек. Ұстаздық – барлық мамандықтың асқар шыңы. Ол шыңға шығу да мәртебелі іс, кез келгеннің қолынан келе бермес дүние. Ұстаздар қауымының мәртебесін ешқашан төмендетпеуіміз керек.

Қазақтың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынов: «Мұғалім – мектептің жаны», - десе, Ыбырай Алтынсарин: «Мұғалім – мектептің жүрегі», - деп баға берген екен. Осындай мың жылдық тұлғалардың сөзінен-ақ ұстаздардың мәртебесі биік болғанын және бола беретінін көре аламыз.

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген сөзінде үлкен астарлы ой жатыр.

Өскелең ұрпақты оқытатын да, болашақ жастардың тағылым-тәрбиесіне негіз болатын да ұлағатты ұстаздарымыз. Ұстаз

мамандығын таңдау мен ұстаздық қызмет көрсету көптеген қажырлы еңбекті талап етеді. Баланың бағбаны бола білген ұстаздарымыз туралы күдіреті күшті сөздерді айта берсек, даналық сөздермен тізбектеліп, шексіздікке ұласады. Иә, ұлағатты ұстаз десе, ет жүрегіміз елжіреп тұрады. Біздің де университетімізде теңізден терең білімін сарп етіп, ұрпақ тәрбиесі жолында қызмет етіп келе жатқан ұстаздарымыз бар. Ол кісілердің ерен еңбектері мен өз саласына қосқан өлшеусіз үлестерін мақтана айта аламыз. Біздей жастарды ұлт жанашыры болуға тәрбиелеп, мықты маман болуымызға септігін тигізіп, білім нұрын жүрегімізге ұялатып жүрген Филология факультетінде сабақ беретін оқытушыларға және «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұстаздар қауымына ФИ-17-1К1 тобының атынан шын жүректен алғыс білдіреміз. Мерейлеріңіз үстем болып, шығармашылық табыстарға жете беріңіздер! Отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілейміз!

Ж.Ж.КУАТОВА

«Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының доценті,
Н.БОШАН

ФИ-17-1К1 тобының студенті

МЕНІҢ СТУДЕНТТІК ӨМІРІМ



Студенттік өмір – қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұмытылмас сәт. Ата-анамыздың жанынан алғаш рет ұзап, үлкен өмірге қадам басамыз. Арман жетегінде келген албырт шақта жаңа ортаға үйрену, бейімделу уақытты талап етеді. Өйткені олардың сөйлеу мәнері, өздерін ұстауы, өмір сүру қағидалары өзге. Студенттік кезең - күш-қайратқа толы, өмірге деген күштарлық, ғылым мен әлемді танудың шарықтау кезеңдерінің бірі. Әрбір студент уақытты ұтымды пайдаланып, оқу орнындағы біліммен шектеліп қана қоймай, тіл үйреніп, үйірмелерге қатысып, өзін-өзі дамытып, шыңдалуы керек.

Қазіргі таңда мен «Құқықтану» мамандығының екінші курс студентімін. Мамандық таңдау - өмірдің ең қиын, әрі ең маңызды шешімдерінің бірі. Мамандық таңдау - сені үлкен өмірге жетелейтін алғашқы қадамың. Әрбір мамандықтың өзіне тән сырлары мен қиыншылықтары болады. Сол қиыншылықтарға төтеп берсек, жарқын болашаққа жол ашамыз. Бұл мамандықты мен бала кезімнен армандағанмын және осындай жоғары оқу орнында білім алып жатқанымды мақтан тұтамын. Студенттік кезең - қарым-қатынастың нағыз кең көлемде жүретін шағы. Жоғары оқу орнында оқу студенттің өзіне деген сенімі мен қабілеттілігін, өмірге деген құлшынысын арттырады. Оқу орнында білім алудың

алғашқы кезеңдерінде студент оқу-тәрбие процесінде көбірек әрекет етеді. Бой үйрету барысында ол жаңа шарттар мен міндеттерді игеруі тиіс. Ізденімпаздық жұмыс көлемі мен мәнінің артуы, жаңарту сипатындағы оқу-танымдық қызметтен оның жемісті түрлеріне көшу, ынта-ықыластың пайда болуы және оқу-зерттеу қызметіне қатысу - студенттің білімінің арта түсуінің айғағы. Белгілі психолог Б.Г. Ананьев: «Студенттік кезең – жеке адам тұрғысынан алғанда, адамгершілік және эстетикалық сезімдердің белсенді түрде даму кезеңі, ересек адам ретінде азаматтық, саяси-қоғамдық және кәсіби мамандық міндеттерінің тұрақталу, толысу кезеңі», - деп көрсетеді. Бұл кезеңнің ерекше белгілерінің бірі - мінез-құлықтың саналы жақтарының көбеюі, яғни қандай да бір мақсатқа жету үшін ұмтылушылық, шешім қабылдай білу, өзіндік пікір, өзін-өзі ұстай білу, бастамашылдық сияқты қасиеттер артады. Болашағын бағамдап, күш-қайратын білімге, өнерге жұмсайтын студенттер мемлекеттің бағалы да саналы бөлігі болатыны анық!

Р.А.АРЫНБАЕВА

жетекшісі, Мемлекеттік тілді оқыту кафедрасының аға оқытушысы
Ф.С.РАЙМБЕКОВ
ЮМ 18-1к3 студенті,
«Жас талант» үйірмесінің мүшесі



Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет,

алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол кісілік келбет, азаматтық тұлға. Дәл осындай адами асқақ қасиетке қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар. Сол қасиетке жеткен адамның бірі ретінде осы оқу орынымыздағы әрбір студентті өз баласындай көріп, әрқашан да тура жолға бағыттап, білмейтінімізді үйретіп, қатемізді түзетіп, жетім, кедей, бай демей, барлық студентке бірдей қарайтын еңбек ардагері, филология ғылымдарының кандидаты, практикалық орыс тілі кафедрасының доценті Лесбекова Ляззат Жаңбырбаевна айтқым келеді.

Лесбекова Ляззат Жаңбырбайқызы 1949 жылғы 5 сәуірде Шымкент қаласында дүниеге келген. Әкесі Лесбеков Жанбырбай Лесбекұлы және анасы Сәрсенбаева Күлдан Сәрсенбайқызы партия қызметкерлері болып жұмыс жасап, кейіннен көп жылдар бойы басшылық лауазымдарда жұмыс жасаған. 1970 жыл-

Ұлағатты жан

дан бастап шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, 1979 жылдан бастап орыс тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушысы, содан кейін осы кафедраның аға оқытушысы болып жұмыс жасаған. 1990 жылы «Ветеран Труда», 2013 жылы ОҚМУ-дың мерейтойлық медалі, 2014 жылы «Почетный работник образования РК», 2015 жылы «Ерен еңбегі үшін», 2018 жылы 26 қазанда «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. 120 ғылыми жұмыстың, 1 монографияның авторы. «Thomson Reuters» ресурстарының ғылыми зерттеуі бойынша сертификат иесі.

Мен Лесбекова Ляззат Жаңбырбаевнаға өз алғысымды ерекше білдіргім келеді. Үлкен өмірдің ең алғашқы баспалдағын басып, осы жоғары оқу орнына келген күннен бастап, менің жаңа өмірге деген ұмтылысымды байқап, қолдаған бір өзіңіз болдыңыз. Әр сабағыңызда маған өзіңіздің жылы, өнегелі, адамға шабыт сыйлайтындай рухты сөздеріңізбен осы күнге дейін жеткен жетістіктерімнің себепшісі болдыңыз. Сізге сол үшін айтатын алғысым шексіз. Сізді мерейлі мерекенізбен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік пен адал еңбегіңіздің арқасында парасатты да рухы биік студенттерді тәрбиелеу жо-

лында ұлағатты ұстаз қырынан көрініп келесіз. Аллаһ, ең алдымен, өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық берсін! Сізге қызыққа толы ұзақ ғұмыр, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, жарқын да мағыналы өмір, деніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын тілеймін. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымыңыз бен достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Сіздің өрелі істеріңізді айтқанда ауыз толады, өйткені сіздің өміріңіз - нағыз майталман маманның, ұлағатты ұстаздың, еліміздің абзал азаматпасының өнегесі. Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әлі талай істерді атқарарыңызға кәміл сенімдімін. Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

Ардақты да аяулы екінші анам,
Ақ батаңыз болсын маған ұлы қадам.
Адамның жан-дүниесін көре білер,
Әлі күнге көрмедім сіздей адам.
Әр баланы бірдей көріп сыйлайсыз,
Жамандыққа ешқашан да қимайсыз.
Әр сабақта жақсылыққа үйретіп,
Биіктерге шығарар жолды ойлайсыз.
Айтар алғыстарым сізге көп менің,
Ұлылардың ұлысы бір өзіңіз дер едім.
Ұлы ұстаз болып жүре бергейсіз,
Сізге арналады менің барлық тілегім.

Азиза ЖАНЫКУЛОВА
Эф 18-1 тк тобының студенті

Ұстазыма



Білім беріп бәріне,
Шәкірт қылған талайды.
Ақыл айтып біздерге,
Баласындай қарайды.
Жақсы көріп әр шәкірт,
Анасына балайды.
Жаралы қасқыр жарасын,
Өз тілімен жалайды.
Дәл сондай қасқыр мінезбен,
Тек шындықты бетке айтып,
Туралайсыз талайды.
Сіз оқытқан шәкірттер,
Сізге ұят келтірмей,
Шәкірт болуға жарайды.
Ұлгі тұтып тек сізді,
Жаңбырбайқызы Ляззаттай,
Ұстаз жоқ деп санайды.

Бекжігіт АБДАЛЫ
Эф18-2К тобының студенті

Жаңа табыстарға бастайды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы халыққа жолдауының аясында 2019 жылдың 3 қыркүйек күні М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде мәжіліс өтті. Жиынға колледж директоры т.ғ.д., профессор Әлібек Сейдахан Нұрмаханұлы, Ақпараттық білім беру орталығының бөлім меңгерушісі Х.К.Шамбулова, Ақпараттық білім беру кітапханашылары А.Р.Мусаева, Н.Канатова, колледж кітапханашысы Б.Э.Бердімуратова, колледж оқытушылары және студент жастар қатысты. Іс-шарада оқу орнының директоры Әлібек Сейдахан Нұрмаханұлы Жолдау қоғамды толғандырған мәселелердің шешімі екенін атап өтті. Яғни Президент мемлекетті нығайту, отандық бизнесті қолдау, халықты әлеуметтік қорғау және экономиканы дамыту мәселелеріне көңіл бөлгенін, негізгі мәлімдеме болашақ азаматтық қоғам жөнінде болғанына тоқталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесі жаңашылдыққа тез бейімделуі қажет екендігін алға тартқандықтан, директор студенттерді білім жүйесіндегі өзгерістерге белсенді ат салысып, сапалы білім алуға шақырды. Сонымен қатар, мемлекет басшысының ұстаздардың айлығын көтеріп, «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасында ұстаздарды қолдаудың кешенді



шараларын қарастыруды жоспарлағанын айтты. Жолдаудағы негізгі міндеттерден туындайтын тапсырмалар бойынша студенттермен бірге атқарылатын жұмыстар туралы саясаттану пәнінің оқытушысы М.Е.Мыңбаева баяндама жасады. Баяндама барысында колледж оқытушысы мемлекет басшысы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөліне, алдағы уақытта қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналу қажет екендігін жолдауда нақтылап айтқанына тоқталды. Мұндай дәрежеге жету үшін әрбір қазақстандық тіл мәселесінде жанашырлықпен жұмыла жұмыс жүргізу керектігіне тоқталып, баяндамашы студент жастарды қазақ тілін құрметтеуге шақырды. Жолдауда мемлекеттік басқару үлгісіне ерекше тоқталған. Жолдау аясындағы «Жаңа жария менеджмент», «Желілік үкімет», «Ақпараттық үкімет», «Еститін үкімет» тұжырымдамаларының мағынасын студенттерге тарих пәнінің оқытушысы Н.Ж. Досыбай нақтылап өтті. Колледждің білімгерлері Президент Жолдауында аталған нақтылы тапсырмаларды бірге орындауға белсенділік танытатындығын жеткізіп, өз ой-пікірлерін ашық айтты.

Мереке Ережепқызы ИСМАЙЛОВА
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті
колледжінің педагог-психолог маманы

Ұстаз

*Шұғылалы көктемнің даласындай,
Әрбір шәкірт ұстаздың баласындай.
Ұстаз деген тұп-тұнық мөлдіреген,
Сылдыр қаққан өзеннің саласындай.*

*Ұстаз – ауа, онсыз тыныс алмайсың,
Ұстаз – қанат, ұшудан бір талмайсың.
Ұстаз – ана, көпті білер санасы,
Ұстаз – алтын, өлшенбейтін бағасы!*

*Толассыз ағып жатқан Жайықсыздар,
Әрқашан зор құрметке лайықсыздар.
Періштедей ақ көңіл баласыздар,
Есімізде мәңгілік қаласыздар!*

*Ұстаздар, құтты болсын мерекеміз,
Ұстазсыз болмас ешбір берекеміз.
Ұлағатты ұстаздың жолын қуып,
Біздер де сіздерменен теңесеміз.*

Ж.Ж.КУАТОВА,
Жалпы педагогика және музыкалық
білім» кафедрасының доценті, п.ғ.к.
Н.Б.БОШАН,
ФИ-17-1К1 тобының студенті



*Ұстаз деген ұлы сөз ұғынғанға,
Қадірлеген оларды бұрыннан да.
Білім берген, оқытқан, үлгі болған
Сол білімнің қамқор болған жсығылғанда.*

*Баласындай аялап құндақтаған,
Тентек болсаң, жымиып тіл қатпаған.
Ұстаз - ана, досың да сырласатын
Сондықтан да ұстаз сөзі қымбат маған.*

*Ұстаздан асар кім бар дейсің ғаламда,
Ұстазсыз өмір айналады қараңға.
Ұлағатын алып өскен ұстаздың
Ұлылар да қарапайым ұстазда.*

*Сөнбейді мәңгі жүрекке жаққан шуағың,
Сөнбейді мәңгі санама жаққан шырағың.
Сарқылмайтын білім нәрінің бастауы
Сарқылмасын өзің ашқан шуағың!*

Айдана Мұхтарқызы САРДАРБЕК
ФИ-17-1к2 тобының студенті

Жастарды қанаттандыраар Жолдау

Биылғы Жолдау - еліміздің саяси тарихында ерекше орын аларлық маңызды құжат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттік лауазымындағы алғашқы Жолдауы күздің алғашқы күндерінде жолданды. Бұл әдеттегі Жолдаулар секілді бірқатар шешімі табылмай жатқан мәселелердің түйінін тарқатпақ.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын көтеруге бағытталған биылғы Жолдау өзіндік ерекшеліктерімен ел назарын аударды. «Сын түзелмей, мін түзелмес» дегендей, Елбасы ел жағдайы мен мемлекет дамуына үлес қосатын әрбір сала жетекшілерін сынға алды. Жолдау жастар мәселесін де айналып өтпеді.


Жолдау аясында жас кәсіпкерлерге және де жас мамандарға үлкен қоллау көрсетілмек. Білім сапасын арттыру, экономикалық даму, әлеуметтің әлеуетін арттыру, адам денсаулығын нығайту сияқты еліміз үшін маңызды бастамалар да өз кезегінде қаралып өтті. Әрқашан да қоғамдағы белсенді бастамалардың барлығында адамның сапасы, яғни оның білімі, тәртібі мен тәрбиесі сияқты құндылықтар жүзеге асырылады. Адам сапасын арттырудағы ең үлкен әсер етуші құрал - білім. Жолдауда мектепке дейінгі білім беруден бастап жоғары білім беруге дейін жіктеліп қаралды. Жастарды сапалы біліммен қамтамасыз етуге, мектептегі балаларды түгелдей дерлік оқулықтармен қамтамасыз ету, қала мен ауыл оқушыларының арасындағы алшақтап бара жатқан білім сапасын теңестіру, білікті педагог кадрлардың санын көбейту секілді ұшығып тұрған мәселелер өз шешімін тауып, ел болашағына үлкен септігін тигізбек.



Сонымен қатар жоғары оқу орындарындағы келеңсіз жайттар, диплом мәселесіне де тоқталып өтті. Диплом саудасына тыйым салу арқылы білім сапасын арттыруға септігін тигізетінін де айрықша атап өтті. Жолдауда жас кәсіпкерлерді қолдау, жаңа кәсіптің аяқтанып кетуіне көмек ретінде кәсіптің алғашқы жылдарында салықтан босату, кәсіпкерлікті дамыту да өз кезегінде қаралды. Ел дамуына әсер етуші барлық факторларға тоқтала отырып, бірқатар кемшіліктеріне де сыни көзқараспен қарап, халықтың, жастардың сапасын арттыруды мақсат ету айрықша айтылды. Жастарды қанаттандыру, оларды

қолдау ел болашағы саналатын жастарға байланысты екені шегелеп айтылуда. Жас ұрпақтың текетіреске төзімді, бәсекеге қабілетті болуына барынша жағдай жасалуда. Бұл Жолдау арқылы біздерге, яғни жастарға үлкен сенім артылып отыр. Елбасымыздың сенімінен шығуға барлығымыз жұмылған жұдырықтай бірлікпен ат салысуымыз қажет. Сонда ғана біздің ел мәңгілік болмақ.

Г.Б.НАРЫМБЕТ, Жалпы тарих және мұражай ісі
кафедрасының аға оқытушысы, магистр,
М.Н.ЕРШОРА, ПИК-17-3к тобының студенті



ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Адам - табиғаттың бір бөлшегі. Сондықтан күн мен түннің, жыл мезгілдерінің ауысуы оның жүйке жүйесіне, тыныс алу, ас қорытуына белгілі бір әсерін тигізеді. Адамның күнделікті орындайтын қимыл-қозғалыстары дене бұлшық еттеріне де ықпал етеді. Сол үшін денені шынықтыруға қажетті жаттығулар мен спорт түрлерін жыл мезгілдерінің өзгеруіне қарай таңдап ала білген дұрыс.

Қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасау және спорт түрлерімен шұғылдану адамның қозғалыс қабілетін жетілдіріп, ақыл-ойын өсіруге көмектеседі.

Егер бала жыл мезгілдерінің өзгеруіне қарай өзіне лайықты қимыл-қозғалыс жаттығуларын таңдап алып, оларды тұрақты орындап отырса, икемді, күшті, төзімді болып шығады. Қимыл-қозғалыс жаттығулары мен спорт түрлері адамның денсаулығын да жақсартады. Дені сау, күшті, төзімді бала сабағын да жақсы оқиды. Мұндай студенттер еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып өседі.

Дене тәрбиесі сабақтарында студенттердің қозғалу белсенділігін ақыл-ой, іс-әрекетіне сәйкес жүзеге асырудың негізгі педагогикалық талаптары қарастырылған. Сабақтың нәтижелі болуы түрлі жаттығуларды дұрыс іріктеп ала білуге, олардың кезектесіп өтуіне және гигиеналық жағдайды сақтауға байланысты. Дене жаттығулары - саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. Дене жаттығулары бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды.

Ойын студент өмірінде үлкен орын алады. Қозғалыс ойындары студенттердің ептілік дағдыларын жетілдіреді.

Мұндай ойындар студенттерді жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Дене тәрбиесінде оқу бағдарламасына сәйкес спорттық ойындар: футбол, баскетбол, волейбол, қол добы, теннис пайдаланылады. Студенттер әрбір ойынның тәсілін зерттеп үйренеді.

Қазақ халқы - материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз, ойындардың көпшелі тұрмысқа лайықталып ойнала беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты. Ойын барысында студент өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Студент ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Қимыл-қозғалыс ойынында бала назар аудару және бұлшық еттің ширығу дәрежесін реттеуді үйренеді.

А.К.КУМАРОВА,

Дене тәрбиесі және спорт жоғары мектебінің аға оқытушысы,

А.МЫРЗАХМЕТОВА, А.СҰЛТАНБЕК,
АП-18-4к1 тобының студенттері

Өз таңдауыңды жаса!



Бүгінде «Ауылшаруашылық ғылымдары» жоғары мектебінің саласында 5 кафедра бар. Олар:

- Агротехнология (Биология-Химия)
- Жануарлар патологиясы (Биология-Химия)
- Ветеринариялық клиникалық диагностика (Биология-Химия)
- Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника (Физика-География)
- Мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы (Биология-Химия)

Бұл мамандықтар бойынша қазіргі таңда 1258 студент білім алса, жыл сайын 150-ден аса маман бітіреді. Ауылшаруашылық саласына мамандар қай кезде де қажет. «Ас - адамның арқауы» дейтін болсақ, тұтынушыларды қоспасыз, химиясыз таза өніммен қамтамасыз ететін бірден-бір сала - осы ауылшаруашылығы. Сондықтан бұл салаға білікті мамандар көптеп тартылуы тиіс. Біздің оқу орнын бітірген мамандар қазірде ауылдық, аудандық, қалалық, соның ішінде мемлекет көңіл бөліп отырған ауылшаруашылығын өркендету салаларында, жеке шаруашылықтарда, жылыжайларда, ет, сүт өңдейтін мекемелерде еңбек етіп келеді. Сонымен қатар, олар облыстық ауылшаруашылық басқармасы, ғылыми-зерттеу институттарында және облыстық, аудандық әкімшіліктерінде маман ретінде жұмыс атқарауда. Ауылшаруашылық саласында болып жатқан өзгерістерге, даму қарқынына мән берсек, ірі қара мал тұқымын асылдандыруға мемлекетіміз үлкен мән бере отырып, әр ауылда ірі қараны қолдан ұрықтандыру пунктін салып, оны жабдықтап, ұрықпен қамтамасыз етіп қойды. Одан бөлек Түлкібас, Қазығұрт, Арыс аудандарында етті-сүтті бағыттағы асыл тұқымды малдарды алып келіп, оны таратып, көбейтіп, жоғары өнім алу бағытында жұмыс атқарылып жатыр. «Ауылшаруашылық ғылымдары» жоғары мектебі ауылшаруашылық мамандарын дайындау үшін жас түлектерді оқуға шақырады. Олар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Көп балалы отбасылар, жартылай жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалғандарға университет ректоры тарапынан жәрдемдер қарастырылған. Университеттің оқу үрдісі базасы да бар. Сондай-ақ, оқу орнында мал қора жайы, егістік алқап, бау-бақша, ветеринарлық клиника жұмыс істеп тұр.

А.С.ТЕНЛИБАЕВА, Биология ғылымдарының докторы, доцент,
«Мал шаруашылығы өнімдерінің технологиясы» кафедрасының меңгерушісі

К порывам юные сердца зову Я человечность ставлю во главу...

Увлекательной и познавательной оказалась экскурсия студентов группы ФК17-3к, специальности «Педагогика и психология» в Музей Абая, под руководством куратора Сарипбековой А.Т. Экскурсия, прошедшая в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» и празднования в 2020 году 175-летия великого Абая Кунанбаева была направлена на воспитание у молодежи патриотических чувств, интереса к литературе и творчеству народного поэта. Абай Кунанбаев - великий поэт казахского народа, философ - гуманист, композитор, ювелирный мастер художественного слова. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал указ о праздновании 175-летнего юбилея со дня рождения Абая Кунанбаева. Работник музея рассказал студентам о комплексной модернизации Государственного историко-культурного и литературно-мемориального музея-заповедника Абая «Жидебай-Бөрілі». В 2020 году в г. Нур-Султан пройдет международная научно-практическая конференция.



В музее нашему вниманию были представлены документальные материалы из жизни Абая. Экспозиции музея пытаются воссоздать дух того времени, когда жил и творил мыслитель. И как бы много мы ни знали об Абае, остается еще множество неизвестных деталей, раскрыва-

ющих образ корифея казахской литературы. Поиском и изучением маленьких деталей большой истории занимаются на родине поэта в крупнейшем музее страны – Государственном историко-культурном и литературно-мемориальном комплексе Абая.

Празднование 175-летнего юбилея Абая Кунанбаева – это одно из важнейших событий новейшей истории независимого Казахстана, направленное на углубление исторического сознания народа и всемерное продвижение духовной культуры страны в глобальном формате.

Мы выражаем огромную благодарность работникам музея за теплый, радужный прием, оказанный нашим студентам!

А.Т.САРИПБЕКОВА,
Старший преподаватель кафедры
«Психология и дефектология»



Халықаралық деңгейдегі оқу орны

М.Әуезов атындағы ОҚМУ үшін рейтингтерге қатысу маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан университет жыл сайын халықаралық және ұлттық рейтингтің институционалдық және бағдарламалық рейтингтеріне қатысып келеді.



Әлемдегі ең ықпалды рейтингтердің бірі - әлемдік үздік университеттер рейтингісі (QS World University Rankings). ОҚМУ бұл рейтингке 2010 жылдан бастап қатысады.

Бұл рейтингке әлемнің барлық елдерінен 4700-ден астам университет қатысуда, ал тек 1000-ы ғана сараланады.

2019 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ рейтингте 491 орынды иеленді және Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында 4-ші орыннан 3-ші орынға көтерілді.

QS «Дамушы Еуропа және Орталық Азия» өңірлік рейтингінде өңірдің 305 үздік жоғары оқу орны арасында ТОП 100-дікке ОҚМУ кірді (99 орын).

Көшбасшы позицияларға жылжу және олардың сақталуы студенттер контингенті, университетте жүзеге асырылатын білім беру

бағдарламаларының санына, Им-пакт-факторы бар мақалалардың жариялануына, инновациялық патент алынуы, ПОҚ ғылыми дәрежелігі, студенттердің академиялық ұтқырлығының қарқындылығы, шақырылған шетелдік профессорлар саны, академиялық қызметкерлердің шетелде біліктілікті арттыру көрсеткіштеріне байланысты.

Барлық мамандықтар үшін ортақ қиындық тудыратын мәселе –республикалық, әсіресе, халықаралық жарыстардағы жеңімпаз студенттер санының азаюы, шетел дипломдарын немесе шетелдік ЖОО ғылыми дәреже алған оқытушылар санының аздығы.

Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі (БСҚТА) институционалдық рейтингте М.Әуезов атындағы ОҚМУ көпсалалы жоғары оқу орында-

ры арасында 7 жыл қатарынан 3-орынға ие болуда.

Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттікте 109 білім беру бағдарламаларының ішінен М.Әуезов атындағы ОҚМУ ұлттық рейтингке мамандықтардың 77%-ы жұлделі үздік үштікке, 98%-ы үздік бестікке кіреді.

Әлемдік деңгей

М.Әуезов атындағы ОҚМУ әлемнің үздік 500 жоғары оқу орнының позициясын сақтап, Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында 5-орыннан 3-орынға көшті. Университет жыл сайын жетекші жоғары оқу орындарымен және ғылыми – зерттеу институттарымен, шет елдердің білім беру мекемелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында кредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен, шет мемлекеттердің ұлттық мәдени орталықтарымен, білім беру ұйымдарымен әріптестік қатынастарды жетілдіру мәселелері бойынша байланыс орнатады және қолдайды.

Бүгінгі таңда университетте Германия, Ұлыбритания, Франция, Испания, Қытай, Түркия, Польша, Латвия, Чехия, Эстония, Малайзия, Болгария, Ресей, Украина, Белоруссия, Армения, Әзірбайжан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан сияқты алыс және жақын шетелдердің 22 елінің 140 жоғары оқу орындарымен, ұйымдарымен және ғылыми – зерттеу институттарымен ынтымақтастық туралы бірлескен

келісімдер мен меморандумдар жүзеге асырылуда.

Халықаралық және ұлттық рейтингтегі орны

Жуырда университеттің әскери кафедрасында «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің халықаралық және ұлттық рейтингтегі орны» тақырыбы бойынша іс-шара ұйымдастырылды.

Ұйымдастырылған іс-шарада әскери кафедра аға оқытушысы подполковник М.А.Асанов ОҚМУ әлемдегі ең ықпалды рейтингтердің бірі - әлемдік үздік университеттер рейтингісіне (QS World University Rankings) қатысқаны және 491 орында екені туралы қысқаша мәлімет берді.

Университет ұжымынан іс-шараға рейтинг агенттіктерімен

жұмыс жүргізу бөлімінің бастығы Гульнар Сейлихтаровна Есжанова қатысты.

Бүгінгі таңда университетте алыс және жақын шетел елдерімен, соның ішінде Қытай, Түркия, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және тағы басқа жоғары оқу орындарымен, ұйымдармен және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық туралы бірлескен келісімдер мен меморандумдар жүзеге асырылуда.

Әскери кафедра бастығы полковник Ж.Кенжебаев іс-шараны қорытындылау барысында әскери кафедра жеке құрамының болашақта ОҚМУ рейтингісінің одан әрі жоғарылауына белсене үлес қосатындығын атап өтті.

Айдын Дүйсенқызы БАКЕНОВА, М. Әуезов атындағы ОҚМУ әскери кафедрасының оқу шебері



Тілім - тірегім



«Құрылыс және көлік» факультетінде «Тілдер мерекесі» атты әдеби-музыкалық концерттік бағдарлама өткізілді.

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі - қазақ халқының ана тілі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп, алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның ішінде біздің университетіміз ұйымдастырып отырған іс-шараның маңыздылығы орасан. Концерттік бағдарламаның қонағы болып «Құрылыс және көлік» факультетінің деканы Садықов Жәңіс Әбжанұлы мен университетіміздің аға кураторы Бейсенов Сенбай Дайрабайұлы қатысты. Бұл бағдарламада іс-шаралар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді. Университетіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың

тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты. Тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілген жылдар ішінде елдің бірлігі артқандай. Елімізде ұлтымыздың ұлы тілімен қатар әлемдік тілдердің де құндылығы жоғары. Қазақ балаларының өзге тілді меңгергеніне қуанып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілінде сөйлеп, білім алып жатқанын көргенде, бір жасап қаламыз. Осы орайда, күміс көмей әнші студенттеріміз қазақ, орыс, француз, түрік, ағылшын тілдерінде әндерін тебірене орындап, өлең шумақтарын мәнеріне салып оқыды. Мың бұралған биші ұл-қыздарымыз өзіміздің ұлттық биіміз «Қара жорға» және өзге ұлттың (ұйғыр, өзбек) өнерін де көрсетті. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», - деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, кез-келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ.

Г.У.АНАРТАЕВА, «Құрылыс және көлік» факультетінің доценті, п.ғ.к., М.А.МУСАНТАЕВА, «Құрылыс және көлік» факультетінің аға оқытушы, магистр, А.А.ДАРИБАЕВА, «Құрылыс және көлік» факультетінің аға оқытушы, магистр

Ұлы тұлға

Мен өмірде екі адамға мәңгі қарыздармын: бірі ата-анам болса, екіншісі - ұстазым.

Біз мектеп табалдырығын аттаған сәтте алдымыздан жылы жүзімен қарсы алып, партаға отырғызып, қолымызға қалам беріп, әріп үйретіп, кітаптың алғашқы бетін ашқан сәттен-ақ өмірдің ақ пен қарасын, жақсы мен жаманын, оңы мен солын, әрқашан жақсы өмір сүріп, жақсы адам болып қалу жолын үйретуге білегін түріп кірісіп кеткен де осы ұстаз еді.

Қай заманда да ұстаздың аты - ұстаз. Ол қараңғылықтан оянбаған санамызға білім мен тәрбиенің жарық сәулесін шашыратқан шамшырақ тәрізді. Ағаш бір орында тұрып, күннің нұрын жұтып көгереді, ал ғылым иесі ғалым, ел қорғаған батыр, тілінен бал тамған ақын, темір балқытқан жұмысшы, егін салған диқан, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер - бәрі-бәрі ұстаздан білім мен тәлім-тәрбие алып көгерді, гүлдеді. Сондықтан да ұстаз есімі - ұлы есім.

Өз уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын ұстаздық кәсіп өте қарапайым болып көрінгенмен, баламен баладай тіл табыса білетін мінезді, қайсарлықты, қажырлы еңбекті, жүректілікті, ізденгіштікті талап ететін, сонымен қатар, қазіргі заманның тілімен айтсақ, қағазбастылыққа шыдай білетін жанның ісі. Бізді мектеп бітіргенше тәрбиелеп, адам қылатын да, жоғары оқу орнын бітіртіп шебер маман қылатын да осы ұстаз екенін ұмытпауымыз керек.

Әлемге аты белгілі, қылышынан қан тамған патша, әлемдік державаның басшысы, адамзат тарихының ең ұлы қолбасшыларының бірі Александр Македонский: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін, әкемнен өмір алсам, ал ұстазымнан өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым»-деген екен. Иә, расында солай секілді.

Ойымды қорытындылай келе, қырық бес жыл хан сарайында шалқып өмір сүрген патша болсақ та, әкім болсақ та, тілімізден бал тамған ақын болсақ та, қырық бес минутта білім мен тәрбие дәруменін бойымызға дарыға білген ұстазға қарыздар екенімізді ұмытпайық. Ұстаз - ұлы тұлға, біз оның алдында әрдайым шәкірт болып қала бермекпіз!!!

Назерке САПАРБЕК, АП-16-8к4 тобының студенті, Н.Ш.БАЗАРБЕКОВА, жетекшісі

Адами құндылық

Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен анықталады. Әрбір бала сезуге және ойлауға қабілетті. Әрбір бала қарым-қатынасқа құқылы. Әрбір бала бір-біріне қажет. Барлық балалар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді. Мен Шымкент қаласындағы Солтүстік-Шығыс мөлтекауданында орналасқан «КӘУСӨР» атты қыз балаларға арналған интернатқа барған алғашқы әсерлеріммен бөліскім келеді. Бұл іс-шараны Әлеуметтік жұмыс кафедрасының магистранты, жетекшіміз Мақанова Назерке ПИК 19-14к студенттеріне ұйымдастырды.

Балалар мен бөбектер үйі, интернаттармен қарым-қатынас жасау тәжірибеміз жоқ болғанымен, мұндай мекемеге бару жақсы әсер беретініне таң қалдық. Ол жерге қаражат салған, керемет идеяны қолға алып, іске асырған



азаматтарға құрметпен қараймыз. Біз бұл жердегі басшылар мен ұжым қызметкерлерінің барлық заттарға ұқыпты қарап, барлық жақсы жағдайды жасайтынын байқадық.

Балалар үшін бұл жерде қалыпты өмір сүруге барынша жағдайлар жасалған. Жайлы жатын бөлмелер, ыңғайлы сыныптар, кітапхана, бәрі-бәрі бар. Біз интернатқа түскі ас уақытына бардық. Балалармен бірге түстендік. Интернатта тәрбиеленушілермен кездесу өте қызық болды.

Тәрбиеленушілердің арасында жетім және отбасылары аз, қамтылған түрлі тағдырдың күрделі жағдайларына тап болған қыздар бар екеніне көз жеткіздік.

Асель БЕГАЛИЕВА, ПИК19 - 14к тобы
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенті,
Т.К.ҚАЛДЫБЕКОВНА, «Педагогика және мәдениет»
кафедрасының аға оқытушысы

Ән аға, Шәмші аға

М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Құрылыс және көлік» факультетінде «Ән көгінің сұңқары - Шәмші» атты Шәмші Қалдаяқовты еске алуға арналған ән кеші өткізілді. Шәмші Қалдаяқов – аты алты алашқа әйгілі, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған ұлы композитор. Ол - бүкіл ел мойындаған, жалпы халықтың шексіз сүйіспеншілігіне бөленген, қалың жұрттың қайнаған ортасынан шыққан дара дарын, тума талант, көзі тірі кездің өзінде аты аңыз болып кеткен бірегей өнер иесі.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Шәмші шығармашылығының бағы жаңаша жанды. Елбасымыз Ш.Қалдаяқовтың ересен еңбегіне үлкен жанапырлық танытып, кеңестік қызыл империя кезіндегі әділетсіздіктерді қалпына келтірді. Н.Назарбаев Шәмші шығармашылығына байланысты үш бірдей Жарлыққа қол қойды. Елбасының бірінші Жарлығымен оған «Қазақстанның халық



әртісі» құрметті атағы (1991 ж.) берілсе, екінші Жарлығымен композитордың «Менің Қазақстаным» шығармасы Өнұранға (2006 ж.) айналды, ал үшінші Жарлығымен Шәмші Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2010 ж.) атанды. Дара дарын әндерінің республикалық, халықаралық байқаулары мен ән кештерін өткізу дәстүрге айналды. Осы орайда біздің университетімізде өткен ән кешінде Шәмші әндері шықалды. Өткізілген іс-шарада «Шәмшінің өмірі» атты бейнебаян көрсетілді. 40 жылдан астам шығармашылық қызметінде Шәмші 300-ге жуық ән жазған. Шәмшінің әндері лирика, махаббат тақырыбында жазылған. Бұл әндерді жұртшылық барлық жерде: студенттік және отбасылық кештерде,

жұмыс орнында, демалыс кезінде әуелете шырқайтын. Солардың ішіндегі шоқтығы биік, көпке танымал «Сыған серенадасы», «Ана туралы жыр», «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп едің», «Тамды аруы», «Армандастар - құрдастар», «Қорлан» сынды әндерін студенттер шынайы сезіммен, мақтан етіп орындап шықты. Ән немесе белгілі бір шығарма жазу дегеніңіз – мекеніңіз, терең толғаныстан туады.

Шығармашылық дарын иесі жаңа туындысын жазғанда, сөз жоқ, жанын жеп жазады. Өйтпесе көңілдегідей шығарма шықпайды. Сондықтан да Шәмшінің «...Мен өз өмірімде қанша ән жазсам, сонша жылаған да болуым керек» деуі жайдан-жай емес.

Шәмші ән мәтіндерін өзі жазуынан немесе ақындардың жазған өлеңдерін ширатуға қосқан өзіндік үлесі барын байқаймыз. Бұдан композитордың сөздің қыры мен сырына ерекше мән беретініне, жалпы поэзия атаулыға, оның ішінде, әсіресе, «өлең – сөздің патшасы, сөз сарасына» аса үлкен жауапкершілікпен қарайтынына, «іші алтын, сырты күміс» сөз жақсысын тандай білетініне куә боламыз. Шәмші Қалдаяқов тек қана композитор емес, бата беруге де өте шебер болған. Бір ғажабы, оның берген баталары бір-біріне ұқсамайды екен. Осындай біртуар, қазақтың ұлы адамының баталарын да еске түсірдік. Сонымен қатар Шәмшінің өмірінен көрініс көрсетіп, көкейтесті сұрақтарға жауап алынды. Композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармаларын дәріптеу, халық арасында ән өнерін дамыту, қазақ әндерін орындаушылар арасынан жас талант иелерін анықтап, кәсіби бағдар беру, жеке шығармашыл тұлғалардың қалыптасуына ықпал ету, әншілердің орындау шеберліктерін арттыра отырып, оларға қолдау көрсету және отансүйгіштікке баулу, ұлттық рухта тәрбиелеу болып табылған кешіміз ойдағыдай өтіп, шақырылған қонақтар мен ұстаздардың көңілінен шықты. Ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын, соңғы леп ала келген тұлғаның елге, жерге, Отан мен ата-анаға деген сүйіспеншілігі жас өскелең ұрпаққа, яғни, бізге үлгі, өнеге болып қала бермек.

Г.У.АНАРТАЕВА,
«Құрылыс және көлік»
факультетінің доценті, п.ғ.к.,
М.А.МУСАНТАЕВА,
«Құрылыс және көлік»
факультетінің аға оқытушы, магистр,
К.Ә.КУМЕК,
СМ-17-1к1 тобының студенті

Меншік иесі: М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

Газета Южно-Казахстанского
государственного университета
имени М. Ауезова

Газет Қазақстан
Республикасы Ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
451-Г куәлігі берілген
Астана қаласы, 10 қараша 1998 ж.

Газета зарегистрирована в
Министерстве информации РК
(свидетельство № 451-Г)
г. Астана, 10 ноября 1998 г.

Редакционная коллегия:

Қожамжарова Дария Пернешқызы -
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры.
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.
Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич -
Бірінші проректор
Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы -
Әлеуметтік және тәрбие жұмысы
жөніндегі проректор м.а.

Тілші: Мәдина Сералиева

Көркемдеуші: Наилия Заббарова

Оператор: Танзила Ашимова

Фото: М.У.Хусаинов

«М-press» ЖШС баспаханасында басылған.

Шымкент қ., тел.: 21 36 67,
А. Байтұрсынов көш., 18.

Редакция мекенжайы:
Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5,
бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
тел.: 8 (7252) 30 08 40
Тапсырыс
Таралымы 1500 экз.